

**6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша
PhD докторанты Исаева Ұлжалғас Бақытжанқызына
«Пиперидин құрамды күрделі эфирлер және фторбензойлы қышқылдардың
амидтері негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау»
тақырыбындағы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін іздену
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, PhD
Манас Тоқтасынұлы Омырзақовтың**

ПІКІРІ

Халқының денсаулығы кез келген мемлекет дамуының негізгі факторларының бірі болып саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды бағытына отандық фармацевтика өндірісін нығайту, бәсекеге қабілетін арттыру және нарықтағы отандық дәрі-дәрмектердің үлесін арттыру жатады. Еліміздің дәрі-дәрмектік саясаты мемлекеттің медициналық ұйымдары мен тұрғындарын сапалы, тиімді, қауіпсіз және қолжетімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету ұстанымдарынан тұрады. Отандық фармацевтикалық нарықтың шетелдік дәрілік заттарға деген тәуелділік жағдайында өзіндік фармацевтикалық өнеркәсіпті құру еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің ең басты міндеттерінің бірі болып келеді.

Осы таңда отандық өндірушілердің өнім портфелінің негізгі бөлігін пайда түсімі төмен дженерикті препараттар (олардың жалпы нарық көлеміндегі үлесі 85%) құрайды, ал жаңа ерекше препараттар нарығы 15% шамасында, бұл фармацевтика өндірушілеріне өз пайдасын жаңа ерекше дәрілік препараттарды зерттеу мен әзірлеуге бөлуге мүмкіндік бермейді. Ал мемлекетіміз ақысыз дәрілік қамсыздандыруға арналған жарты бәсіре ақы-пұлды төл дәрілік препараттарды сатып алуға жұмсайды. Сондықтан отандық жаңа дәрілік препараттарды әзірлеу және фармацевтика нарығында қолдау көрсету мемлекетіміз үшін көкейкесті мәселе болып табылады.

Елбасы академиясының 25.11.2020 ж. "Өзгерістерді басқару жөніндегі салалық менеджерлерді даярлау" шеңберінде келісілген "ҚР фармөнеркәсібін дамыту" жобасын іске асырудың ресурстық жоспары ретінде елдегі меншікті фармөндірісінің үлесін 50% - ға дейін арттыру қажеттілігі туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын ескере отырып, қолда бар Кешенді жоспарды және Денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын 2021-2025 жылдарға арналған "Дені сау ұлт" ұлттық жобасына трансформациялау жолымен жүйелі тәсілдер ұсынылды, онда 4-ші бағыт "Қазақстанның отандық фармацевтикалық өнеркәсібі" болады. Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі болып, импортқа тәуелділікті барынша азайту жолында, отандық фармацевтикалық өнімнің өндірісін арттыру саналады.

Алайда, жаңа фармацевтикалық өнім үлесін арттыру - шикізат қоры жеткілікті отандық синтетикалық субстанцияларды терең зерттеуді және оларды өндіріске енгізуді талап етеді. Бұл диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен мақсатын алдын ала айқындады.

Диссертациялық жұмыстың барысында перспективті жаңа қосылыстар синтезделіп, олардың арасынан жетекші қосылыс стандартталып, қажетті параметрлары анықталып, оны өндірудің технологиясы зерттелді.

Ұ.Б. Исаеваның диссертациялық зерттеуінің эксперименталды бөлімі АҚШ - тың Оксфорд қаласындағы Миссиссиппи университетіне қарасты NCNPR – Табиғи өнімдерді зерттеудің ұлттық ғылыми орталығының базасында және отандық инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығында жасалды.

Докторант Ұ.Б. Исаева зерттеу нәтижелерін мақала мен тезис түрінде отандық және шетел ғылыми баспаларында, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және Scopus мәліметтерінің халықаралық базасына кіретін рецензияланатын ғылыми баспада жариялады.

Зерттеудің барлық маңызды аспектілерін жан-жақты талқылап шешу үшін докторант Ұ.Б. Исаева интеллектуалдық дәрежесі мен теориялық біліктілігі, оңтайлы зерттеу әдістері мен өнерпаздықты қолдана білуі, алға қойылған міндеттерге қолжеткізуде өз септігін тигізді ж

PhD докторант Ұлжалғас Бақытжанқызы Исаеваның ғылыми кеңесші ретінде **«Пиперидин құрамды күрделі эфирлер және фторбензойлы қышқылдардың амидтері негізінде биологиялық белсенді субстанцияны химиялық жасау»** атты диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттерін толығымен орындады деп қабылдап, 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
PhD



М.Т. Омырзаков